"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қала құрылысын жоспарлаған, жер учаскелерін бөлген, құрылысты жобалаған және салған кезде су қорғау және табиғат қорғау тәртіптерін сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заныны жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 659 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қала құрылысын жоспарлаған, жер учаскелерін бөлген, құрылысты жобалаған және салған кезде су қорғау және табиғат қорғау тәртіптерін сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қала құрылысын жоспарлаған, жер учаскелерін бөлген, құрылысты жобалаған және салған кезде су қорғау және табиғат қорғау тәртіптерін сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап . Мынадай заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19 -құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж.,N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат ; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж.,N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18- құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 13, 99-құжат; N 15, 106-құжат; N 16, 131-құжат; N 17, 136, 139, 140-құжаттар; N 18, 143, 144-құжаттар; N

19, 146, 147-құжаттар; N 20, 152-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 жылғы 4 маусымда " Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 3 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 26 мамырдағы Заңы):

1) 118-баптың екінші абзацындағы "оннан он беске дейінгі", "жиырмадан жиырма беске дейінгі" және "үш жүзден бес жүзге дейінгі" деген сөздер тиісінше "елуден жетпіске дейінгі", "бір жүзден бір жүз елуге дейінгі" және "бес жүзден жеті жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 276-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "бұзу" деген сөзден кейін " және су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекарасы шегінде тыйым салынған қызмет түрлерін жүзеге асыру" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 280-баптың бірінші абзацы ", сондай-ақ оларды белгіленген мерзімдерде бермеу" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 387-бапта:

тақырыбында:

"сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын;

", сондай-ақ ортақ су пайдалану ережесін бұзу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мыналар түрінде ортақ су пайдалану ережесін бұзу:

жергілікті атқарушы органдар тыйым салған жерлерде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіктерге су алу, малды суару;

жергілікті өкілді органдар тыйым салған жерлерде шағын кемелер мен басқа да жүзу құралдарында жүзу;

жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршау, күзет бекеттерін және басқа да тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеу, -

ескерту жасауға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 1-2-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер,-

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) мынадай мазмұндағы 387-1-баппен толықтырылсын:

"387-1-бап. Белгіленген су сервитуттарын бұзу

1. Белгіленген су сервитуттарын бұзу - ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер,-

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елуден алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 561-баптың бірінші бөлігіндегі "281" деген цифрлардан кейін ", 387-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

7) 563-баптың екінші бөлігінде:

екінші абзацтағы "қырыққа дейінгі" және "бес жүзге дейінгі" деген сөздер тиісінше "жетпіс беске дейінгі" және "жеті жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "жиырмаға дейінгі", "жүзге дейінгі" және "үш жүз елуге дейінгі" деген сөздер тиісінше "алпысқа дейінгі", "бір жүз жиырмаға дейінгі" және "бес жүз елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "онға дейінгі", "елуге дейінгі" және "жүз елуге дейінгі" деген сөздер тиісінше "елуге дейінгі", "бір жүзге дейінгі" және "үш жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 79, 83-құжаттар ; N 16, 97-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 14, 105-құжат; N 15, 106, 109-құжаттар; N 16 , 129-құжат; N 17, 139-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 152-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 жылғы 4 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 3 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 26 мамырдағы Заңы):

1) 43-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер учаскелерін меншікке немесе жер пайдалануға беруді облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары немесе арнайы экономикалық аймақ әкімшілігі өздерінің осы

Кодексте белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Жер учаскесін беру немесе жер учаскесін беруден бас тарту туралы шешімдер жергілікті өкілді органның депутаттары, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), сәулет және қала құрылысының уәкілетті органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының (олар құрылған болса) өкілдері арасынан облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары құратын комиссияның қорытындысы негізінде қабылданады.

Облыс, республикалық маңызы бар қала немесе астана деңгейінде құрылатын комиссиялардың құрамына қоршаған ортаны қорғау, ауыл және орман шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің өкілдері міндетті түрде енгізіледі.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының қалауы бойынша комиссияның құрамына басқа да адамдар енгізілуі мүмкін. Арнайы экономикалық аймақ аумағында жер учаскесін беру туралы мәселені шешу кезінде жоғарыда көрсетілген комиссия құрылмайды.";

2) 44-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте елді мекендердің бас жоспарларының негізінде орындалған (немесе саны бес жүзге дейін тұрғындары бар шағын қоныстарды дамыту және онда құрылыс салу схемаларын алмастыратын) белгіленген тәртіппен бекітілген толық жоспарлау жобалары және (немесе) құрылыс салу жобалары, сондай-ақ қонысаралық аумақтар үшін аудандық жоспарлау жобалары болмаса, жер учаскелерін құрылысқа беруге тыйым салынады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге тұрғын үйлер, оның ішінде жеке тұрғын үйлер салуға осы елді мекеннің бекітілген бас жоспарына (немесе шағын ауылдық елді мекендердің бас жоспарын алмастыратын өзге де қала құрылысы құжаттамасына) сәйкес осы жерлерді елді мекендер жерінің санатына ауыстырғаннан кейін ғана және толық жоспарлау жобасы немесе осы учаскелерде құрылыс салу жобасы болғанда ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте құрылыстың көрсетілген түрі үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығасы осы Кодекстің 105-бабына сәйкес бюджет кірісіне өтеледі (не өтелуге тиіс).";

3) 49-1-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жердің пайдалану мақсатын өзгертуге құқықтық режимді, осы Кодекстің 1-бабында санамаланған жердің басқа да санатының тиесілілігіне және жерді аймақтарға бөлуге сәйкес рұқсат етілген пайдалануды негізге ала отырып рұқсат етіледі.";

4) 50-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін ұтымды пайдалану мақсатында облыстық өкілді және атқарушы органдардың бірлескен шешімдерімен жергілікті жағдайларға байланысты және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктері ескеріле отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері белгіленуі мүмкін.";

5) 97-баптың 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Суармалы ауыл шаруашылығы алқаптары, ауыл шаруашылығы, биологиялық, және ирригациялық-мелиоративтік, балық шаруашылық профилінің ғылыми-зерттеу және оқу орындарының тәжірибелік жерлері айрықша қорғалуға тиіс. Бұл жерді ауыл шаруашылығы өндірісіне байланысты емес мақсаттарға пайдалануға осы Кодекстің 90-бабымен көзделген ерекше жағдайларда жол беріледі.

Ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруалық немесе фермерлік шаруашылық жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларға берілген жер учаскелерінде, өзіндік қосалқы шаруашылықтың егістіктік телімдерде объектілер, оның ішінде тұрғын үйлер (жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда), ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысы жоқ өзге де құрылыстар салуға рұқсат етілмейді. Бұл ретте мал шаруашылығының кешендеріне, ауыл шаруашылығы жерлеріндегі маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған уақытша құрылыстарға және шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарға (үй-жайларға) құнды ауыл шаруашылығы алқаптары (егістіктер, тыңайған жер, көп жылдық екпелер егілген жер) пайдаланылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жеке меншік немесе жер пайдалану құқығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін осы Кодекстің 50-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленген ең аз мөлшерінен төмен учаскелерге, алаңдарға бөлуге рұқсат етілмейді.";

6) 121-баптың 2-тармағының 6) тармақшасындағы "мен белдеулері" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 132-баптағы "осы құрылыстардың су күзет аймақтары мен белдеулеріне" деген сөздер "көрсетілген су объектілерінің су күзет белдеулеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 134-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жергілікті атқарушы органдар өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар, ішкі сулар, мұздықтар, батпақтар жағалауынан су қорғау аймақтары мен белдеулеріне жер учаскелерін бөледі.".

3. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 19, 147-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 жылғы 4 маусымда "Егемен

Қазақстан" және 2008 жылғы 3 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 26 мамырдағы Заңы):

1) 1-баптта:

23) тармақшадағы "жиырма" деген сөз "отыз бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) су қорының жерлері:

су объектілері (өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар, мұздықтар, батпақтар), су көздеріндегі ағындыны реттеуге арналған су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жерлер;

су объектілерінің су қорғау белдеулеріне бөлініп берілген жерлер;

ауыз сумен жабдықтаудың су тарту жүйелерінің санитарлық қорғау аймақтарына бөлініп берілген жерлер;";

2) 10-баптың 4-тармағындағы "5" және "6" деген цифрлар "3" және"4" деген цифрлармен ауыстырылсын;

3) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке және заңды тұлғаларға су объектілерін пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының су заңнамасында және Экологиялық кодексінде белгіленген арнайы, оқшау немесе бірлескен су пайдалану тәртібімен беріледі.";

4) 39-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен конкурстық негізде су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға береді;";

5) 40-баптың 2-тармағында:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мыналарды:

облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының тиісті бассейннің су объектілерін ұтымды пайдалану жөніндегі жоспарларын;

судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындардың және басқа да құрылыстардың құрылыс орнын айқындау жөніндегі ұсыныстарды;

судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды салу мен қайта жаңғырту жобаларын;

су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбалар, су өсімдіктерін өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын, кабельдер, труба құбырларын және басқа да коммуникацияларды төсеу, ағаш кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды жүргізу туралы

қ ұ ж а т т а р д ы ;

су пайдаланушылардың су объектілерін сақтау, олардың жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын келісу;";

мынадай мазмұндағы 9-1) және 11-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) су объектілерін оқшау немесе бірлескен су пайдалануға беру жөніндегі к о н к у р с т а р ғ а қ а т ы с у ; " ;

"11-1) оқшау немесе бірлескен пайдалануға берілген су объектілерін пайдаланған кезде жеке және заңды тұлғалардың бекітілген сервитуттар мен шектеулерді сақтауына б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ; " ;

6) 49-баптың 3-тармағының 5) тармақшасындағы "оларға" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

7) 50-баптың 1-тармағының екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"тиісті бассейннің су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар және олардың орынбасарлары, тиісті бассейннің су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары және мемлекеттік инспекторлары.";

8) 5 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"құрылыстарды" деген сөз "объектілерді (үйлерді, ғимараттарды, олардың кешендерін, коммуникацияларды)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қоршаған ортаны қорғау" деген сөздер "экологиялық" деген сөзбен ауыстырылсын, "шарттары мен ережелері" деген сөздер алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

"қайта жаңғырту" деген сөзден кейін "(кеңейту, жаңғырту, техникалық жарақтандыру, қайта пішіндеу)" деген сөздермен толықтырылсын;

"кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды" деген сөздер "объектілерді" деген сөзбен ауыстырылсын, "тарату" деген сөзден кейін "(кейіннен кәдеге жарату)" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

9) 6 5 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке және заңды тұлғалардың осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, қоршау, күзет бекеттерін және басқа да тыйым салатын белгілер орнату жолымен ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін шектеуге тыйым салынады.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында, өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану ережесінде тиісті өңірдің аумағында орналасқан су объектілерде шомылуға, ауыз су және тұрмыстық қажеттіктерге су алуға, малды суаруға, кіші ссудалар мен басқа да жүзу құралдарында

жүзуге тыйым салынған жерді белгілеуі мүмкін.";

10) 94-баптың 1-тармағындағы "мақсатты" деген сөз "сел" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 125-бап мынадай редакция жазылсын:

"125-бап. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындарды, объектілерді және басқа да құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру шарттары

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, су көлігіне (айлақтарға, порттарға, пирстерге, оларға кіреберістерге) қызмет көрсетуге байланысты көлік инфрақұрылымдарын салуды, пайдалануды және ұстауды, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақты қоспағанда, үйлер мен ғимараттарды тұрғызуға;

2) саяжай және ұжымдық бау-бақшаларға учаскелер бөлуге;

3) су тоғандарын, олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін ластаудан сақтайтын құралдармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмей салынған объектілерді пайдалануға;

4) су шаруашылығы құрылыстарын, көпірлер мен көпірлік құрылыстарды, су көлігінің қызметімен байланысты өзге де объектілерді салуды қоспағанда, су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, тартылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

5) ағаштар себілетін және отырғызылатын жекелеген учаскелерді қопсытуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды (оның ішінде жер жырту, мал жаю, басты пайдаланудағы ағаштарды кесу, пайдалы қазбаларды өндіру және басқалар) жүргізуге;

6) шатырлы қалашықтарды, тұрақты автомобиль тұрақтарын, малдың жазғы жайылымдарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

2. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін былғану мен ластанудан сақтайтын құралдармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген, жаңа және жасалған объектілерді іске қосуға;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге қайта жаңғырту жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын атқару, пайдалы қазбалар өндіру, кабель, құбыр және басқа коммуникацияларды өткізу, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, су қорын пайдалану және қорғау, қоршаған ортаны қорғау, жер ресурстарын басқару, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы

саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, химиялық улы заттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, автомашина мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету мен жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, қоқыс пен өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыларды, өлген малдар көмілетін ұраларды, аппаратураларды пестицидтермен және химиялық улы заттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыру мен жасауға, сондай-ақ сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығының фермалары мен кешендерін орналастыруға, ағынды суды жинауға, жерлерді ағынды сумен суаруға, зираттарды, мал қорымдары мен жер үсті және жер асты суларының микробтық ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) шамадан тыс мал бағуға, су тоғандарының режимін нашарлататын малды тоғыту мен санитарлық өңдеу және шаруашылық қызметінің басқа түрлеріне;

6) су көздеріндегі су жиегінен 2000 м дейінгі қашықтыққа орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен егілген ағаштарды химиялық улы заттармен авиациялық өңдеу және авиациялық жолмен минералды тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының рұқсат етілген шегі (КРШ) белгіленбеген пестицидтерді пайдалануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған кең қосылған ағынды суды және тұрақты хлорорганикалық химиялық улы заттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитарлық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда тек қана улылығы аз және орташа, тұрақсыз пестицидтерді пайдалануға рұқсат етіледі.

3. Су қорғау аймақтарының шегінде бұрын тұрғызылған объектілердің (ғимараттардың, құрылыстың) жұмыс істеуіне ұйымдастырылған орталықтандырылған канализация, ластанған ағынды суды әкетудің және тазартудың өзге де жүйелері немесе кейіннен оның құрамындағыларды алып кететін су өткізбейтін қоқыс төккіш құрылғылар болған кезде рұқсат етіледі.

4. Су объектілерінде және (немесе) су қорғау аймақтарында (су қорғау белдеулерін қоспағанда) жаңа объектілерді (үйлерді, ғимараттарды, олардың кешендерін және коммуникацияларды) орналастыру (жобалауды және салуды қоса алғанда), сондай-ақ олар алып отырған учаскелер су қорғау немесе өзге де ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызылғанға дейін салынған қолданыстағы объектілерді қайта жаңғырту (кеңейту, жаңғырту, техникалық жарақтандыру, қайта пішіндеу) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі

уәкілетті органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен к е л і с і л е д і .

Ықтимал сел қаупі бар су объектілеріндегі осындай қызмет Қазақстан Республикасының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органымен, кеме қатынасына жатқызылғандарында - су көлігі мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі.

5. Қажетті келісімдер мен рұқсаттар алынған жағдайда, егер оларды салу немесе пайдалану су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін болса, онда жаңа объектілер салу немесе қолданыстағы объектілерді қайта жаңғырту (кеңейту, жаңғырту, техникалық жарақтандыру, қайта пішіндеу) жобаларында техникалық сумен жабдықтаудың тұйық жүйелерін жасау немесе осыған ұқсас техникалық шешімдер к ө з д е л у г е т и і с .

6. Су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін қолданыстағы (салынатын) объектілерді тоқтатып қою және тарату (қайта бейімдеу) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен және өзге де мемлекеттік органдармен келісім бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қоршаған ортаға әсерді, анықталған заң бұзушылықтардың жойылуын және келтірілген зиянның өтелуін б а ғ а л а й о т ы р ы п ж ү р г і з і л е д і .

7. Су объектілерінің аумағы арқылы көліктік немесе инженерлік коммуникациялар салу (өткізу, төсеу) жобалары су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау саласындағы уәкілетті органмен келісілуге жатады және тасқын сулар өткізуді, су объектілерін пайдалану режимін, судың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбауды, олардың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жүргізілуін көздеуге тиіс.

8. Заңнамада белгіленген тәртіппен келісімнен өткен су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындарды, басқа да ғимараттарды, құрылыстар мен коммуникацияларды салу (қайта жаңғырту, күрделі жөндеу) жобалары олар бекітілгенге және іске асырылғанға дейін экологиялық сараптаманың, сондай-ақ жобалардың мемлекеттік сараптамасының (экологиялық және басқа да сараптаманың тұжырымдары бар) оң қорытындысын алуға тиіс".

4. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат; 2004 ж., N 11-12, 65-құжат; 2006 ж., N 12, 71-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 4, 33-құжат; N 9, 67-құжат; N 18, 143-құжат; N 19, 148-құжат):

18-баптың 5) тармақшасында:

"үй шаруашылығы" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, бірегей және сирек ландшафтарды тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;

"табиғи" деген сөз алып тасталсын.

5. "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 31 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 26-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 26-құжат; N 24, 178-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат, N 18, 143-құжат):

1) 9-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Шаруа немесе фермерлік шаруашылық жүргізу үшін берілген жер учаскелерінде тұрғын үйлер, оның ішінде жеке тұрғын үйлер, ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысы жоқ өзге де құрылыстар салуға рұқсат етілмейді. Бұл ретте мал шаруашылығының кешендеріне, ауыл шаруашылығы жерлеріндегі маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған уақытша құрылыстарға және шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарға (үй-жайларға) құнды ауыл шаруашылығы алқаптары (егістіктер, тыңайған жер, көп жылдық екпелер егілген жер) пайдаланылуы мүмкін.

Жеке меншік және жер пайдалану құқығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленген ең аз мөлшерінен төмен учаскелерге, алаңдарға бөлуге рұқсат етілмейді.";

2) 10-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "тұрғын үйлерді," деген сөздер алып тасталсын.

6. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 6, 10-құжат; N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 16, 129-құжат):

1) 1-баптың:

15) тармақшада:

"кешенді бағалаудың міндетті нысаны" деген сөздер "міндетті кешенді бағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жобалардың мемлекеттік сараптамасы -" деген сөздерден кейін "құрылыс" деген сөзбен толықтырылсын;

", сараптамалық қызметті қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай редакциядағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) кешенді қала құрылысы сараптамасы - сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган (Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін жобалар бойынша) немесе жергілікті атқарушы органдар (осы Заңға және "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәслихаттар бекітетін жобалар бойынша) құрған арнайы сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтары) жүргізетін әр түрлі деңгейдегі қала құрылысы жобаларының мемлекеттік сараптамасы;";

2) 6-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ерекше реттелетін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мен қала құрылысы регламентациясының аумақтық объектілеріне:

1) экологиялық апат және (немесе) төтенше жағдайлар аудандары;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;

3) су қорғау аймақтары мен белдеулері;

4) тарихи-мәдени мұра объектілері және (немесе) қорғалатын бірегей және сирек ландшафтық объектілер бар аумақтар;

5) сауықтыру, курорттық, рекреациялық және резервтік мақсаттағы аумақтар;

6) қала маңындағы аймақтар;

7) режимдік аумақтар аймақтары және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен ерекше реттелетін аймақтарға жатқызылған өзге де аумақтар жатады.";

3) 9-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Елді мекендердің бас жоспарларында, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында және өзге де қала құрылысы құжаттамасында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті уәкілетті органдармен келісулер бар жобалардың болуын көрсете отырып, жоспарланған аумақтарда бар су қорғау аймақтары мен белдеулері, өзге де ерекше реттелетін аумақтар және тарихи-мәдени мұра объектілері туралы мәліметтер болуға тиіс.

Жоспарланып отырған аумақтар үшін су қорғау аймақтары мен белдеулері бойынша жобалар болмаған жағдайда олар қала құрылысы құжаттамасының құрамында жеке бөлім болып әзірленеді, ол туралы жобалауға арналған (қала құрылысының жоспарын әзірлеуге арналған) тапсырмада көрсетіледі.";

4) 17-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы ", мемлекеттік мұқтаждарды қамтамасыз етуге байланысты" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 19-бапта:

6) тармақшадағы ", жаңа объектілер салуға және жұмыс істеп тұрғандарын өзгертуге рұқсат ететін рәсімдердің" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) құрылыс объектілерін жобалау үшін бастапқы материалдарды (деректерді) ресімдеу және беру ережесін, сондай-ақ жаңа объектілер салуға және қолда бар объектілерді (үйлерді, ғимараттарды, өзге де кешендерді және коммуникацияларды) өзгертуге рұқсат беретін рәсімдерді өткізу ережесін белгілейді;";

6) 20-бапта:

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылауды, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын, оның ішінде қала құрылысы тәртіптері мен регламенттерінің, жобаларға сараптама жүргізу тәртібінің, құрылысқа рұқсат беретін рәсімдерді өткізу ережесінің, лицензия бергенде және өтініш иелері мен лицензиаттардың біліктілік талаптарға сәйкестігін растағанда лицензиялау ережесінің, құрылыстың сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыру ережесінің, сондай-ақ салынған объектілерді пайдалануға қабылдау ережесінің сақталуы бөлігінде бақылауды жүзеге асыру;";

15) тармақша ", оның ішінде лицензиарға әкімшілік құқық бұзушылық және лицензиялау туралы заңнамада белгіленген тәртіппен лицензияның қолданысын және салынып жатқан объектіде құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтату қажеттілігі туралы нұсқама беру жолымен" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 27-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы функцияларды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері лауазымы бойынша қаланың бас сәулетшісі болып табылады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы функцияларды жүзеге асыратын ауданның жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері лауазымы бойынша ауданның бас сәулетшісі болып табылады.";

8) 31-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы ", сондай-ақ осы Заңмен белгіленген құзырет шегінде жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылау" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) су қорғау аймақтарының аумақтардағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне бақылау жүргізу бөлігінде - су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;";

9) 33-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылыстың басталуына) рұқсат беру (рұқсат беруден негізді бас тарту) және өтпелі құрылыстар бойынша жыл сайын олардың мерзімін ұзартып отыру.

Бұл ретте белгіленген тәртіппен бекітілген елді мекендердің бас жоспарына немесе аудандық жоспарлау жобаларына (аумақты қала құрылысына жоспарлардың кешенді схемасына) сәйкес орындалған толық жоспарлау жобалары немесе құрылыс салу жобалары болмаса, елді мекендерде немесе қонысаралық аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беруге жол берілмейді.";

7-тармақтың бірінші бөлігіндегі "бақылауын" деген сөзден кейін ", сондай-ақ сәулет , қала құрылысы және құрылыс саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылауды" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 34-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жобаны әзірлеуші құрылыс объектісіне авторлық қадағалауды жүргізуді:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында лицензияланатын қызметтің тиісті кіші түрлеріне лицензиясы бар басқа тұлғаға;

2) тиісті лицензиясы бар авторлық қадағалауды жүргізу жөніндегі инжинирингтік қызметті жеткізушіні өз бетінше таңдау үшін тапсырыс берушіге табыстауға құқығы бар.";

11) 35-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы ", сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметі" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 60-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "абаттандыру және көгалдандыру" деген сөздерден кейін "белгіленген тәртіппен бекітілген толық жоспарлау жобаларына, елді мекеннің бас жоспарының негізінде орындалған (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі шағын қоныстарды дамыту мен онда құрылыс салу схемаларын алмастыратын) құрылыс салу жобасына сәйкес әзірленген" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 63-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер құрылыс жобасы объектіні су қорғау аймақтарында немесе өзге де ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналастыруды болжайтын болса, онда жобалық шешімдерде заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті уәкілетті органдармен келісуге жататын қажетті суды және табиғатты қорғау шаралары болуға тиіс.";

14) 64-баптың:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сараптау жұмыстары немесе өзге де инжинирингтік қызметтер көрсету нарығында өз бетінше қызметтерді жүзеге асыруға лицензияның болуы туралы талап құрылыс жобаларының мемлекеттік сараптамасына қатысу үшін штаттан тыс сарапшылар ретінде тартылатын немесе тиісті мемлекеттік сәулет және қала құрылысы органы қала

құрылысы жобаларының кешенді қала құрылысы сараптамасына қатысу үшін сараптау комиссиясының құрамына енгізген мамандарға (оның ішінде шетелдіктерге) қолданылмайды.";

1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Әр түрлі деңгейдегі қала құрылысы жобалары осы Заңда, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртіппен кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтеді. Кешенді қала құрылысы сараптамасының оң қорытындысы тиісті деңгейдегі қала құрылысының жобаларын бекіту және оларды одан әрі іске асыру үшін негіз болып табылады.";

4-тармақта:

2) тармақшадағы "бөлігінде" деген сөзден кейін ", сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, бірегей және сирек ландшафтарды, тарихи-мәдени мұра объектілерін пайдалану белгіленгенде," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "салынатын объектінің күтіліп отырған және белгіленген көрсеткіштері, параметрлері және сипаттамалары (техникалық ерекшеліктері) бар бөлігінде" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Сараптамаға жататын, бірақ мемлекеттік сараптаманың ерекше құзыретіне жатпайтын жобалардың тапсырысшысы (инвесторы) өзінің қалауы бойынша сарапшы ретінде сараптау жұмыстары нарығы субъектісінің лицензиясы бар кез келген жеке немесе заңды тұлғаны таңдауға не жобалардың мемлекеттік сараптамасына өтініш жасауға құқылы.";

15) 68-баптың 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Жаңа объектілер салуға және қолда бар объектілерді өзгертуге қажетті рұқсат беретін құжаттарды ресімдеу мен беру тәртібін, мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, оның ішінде жоспарлағанда және аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлгенде, ғимараттар мен құрылыстар салуға немесе кәріздер төсеуге жер учаскелерін бөлгенде (бергенде) су қорғау, табиғат қорғау және қала құрылысы тәртіптерін сақтауды қамтамасыз ететін жаңа объектілер (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен кәріздері) салуға және қолда бар объектілерді өзгертуге рұқсат беретін рәсімдерді өткізу ережесімен белгіленеді.".

2-бап . Осы Заң алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК